



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M04104- Қаржы (ғылыми-педагогикалық бағыт)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫ Ң МАҚСАТЫ

академиялық стандарттарға, инновациялық әдістерге сәйкес қазіргі заманғы экономика және қаржы саласында терең білімі бар, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктері мен шынайылығына арнайы бейімделген магистрлерді даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Магистрдің кәсіби қызмет саласы ұйымдастыру - басқару, экономикалық, есептеу - жобалау, аналитикалық және кеңес беру саласы болып табылады

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру және басқару үшін отандық және әлемдік қаржы нарықтарын талдау, синтездеу әдістерін қолдана отырып, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады;

ОН2 қаржылық менеджментті, ҚР салықтары мен салық жүйесін оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, аргументация теорияларын практикада қолданады, кәсіби қызметтің әртүрлі түрлеріндегі инвестициялық жобаларды қаржыландырады;

ОН3 қаржылық есептілікті талдауға әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни бағалайды және жаңа идеяларды қалыптастырады;

ОН4 оңтайлы қаржылық-басқарушылық шешімдер мен қаржылық менеджмент нысандарын ғылыми негізделген таңдау жасай отырып, қаржы институттарының қызметін талдайды;

ОН5 кәсіби мәселелерді шешу үшін ақпараттық және компьютерлік технологиялар мен ақпарат көздерін пайдаланады, салық базасын, салық сомасын, алымдарды, салық ауыртпалығын есептейді және салық саясатын жасау факторларын түсіндіреді;

ОН6 ақпараттық-аналитикалық шолулар, баяндамалар дайындайды, ағымдағы жағдайларға мониторинг жасайды, талдайды және бақылайды, ойлау, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін меңгереді;

ОН7 ғылыми зерттеу әдістерін қолданады, жаңа мақсаттарды тұжырымдау және қаржы теориясы саласында жаңа нәтижелерге қол жеткізу қабілеттерін дамытады;

ОН8 салалардағы қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттары жүйесін ұйымдастырудың теориялық мәселелерін түсінеді, компания мен қаржы институты капиталының құнын, заманауи аналитикалық әдістерді қолдана отырып тиімділікті бағалайды;

ОН9 қаржылық менеджмент жүйесін, инвестициялық жобаларды қаржыландыруды, зерттелетін функционалдық сорттардың негізгі құбылыстары мен жұмыс істеу заңдылықтарын білуді қамтитын төлем жүйесін басқаруды талдайды;

ОН10 халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын басшылыққа алады және аудиторлық қызметте пайдаланады;

ОН11 білім алушыларды өзгермелі еңбек нарығына бейімдеу үшін қажетті құзыреттерді дамыту үшін экономикалық білім беру саласындағы зерттеу практикасын қоса алғанда, кәсіби міндеттерді шешуде пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асырады.